

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№38 (151) ЖҰМА

24 қазан 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• МЕРЕЙ

ҰСТАЛЫҚ ӨНЕРДІҢ ШЕБЕРІ

Республика күні қарсаңында Ұлытау облыстық тарихи-археологиялық музейінде Қазақстан Суретшілер одағының және Қазақстан Дизайнерлер одағының мүшесі, Мәдениет қайраткері, суретші-шебер Ерғазы Исатаевтың 60 жылдық мерейтойына арналған «Ұста мұрасы: шеберлік пен дәстүр» атты көрмесі ашылып, «Ұста өнерінің сан қыры» атты кітабының тұсаукесері болды.



Ерғазы Исатаев – санқырлы өнер иесі. Ол – суретші, ол – ұста, ол – зергер, ол – дизайнер. Қолөнер шебері 1990 жылы Алматы қаласындағы Н. В. Гоголь атындағы көркемсурет училищесін «Металды көркемдеп өңдеу» мамандығы бойынша, кейіннен Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясын «Дизайн-архитектор» мамандығы бойынша бітірген. Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде суретші-реставратор болып 1992 жылдан бері еңбек етіп келеді. Оның қолынан шыққан туындылары Францияда, Кувейтте, Оман Сұлтандығында, Түркияда, Ресейде өткен Халықаралық фестивальдар мен көрмелерге қатысып, лайықты бағасын алған.

Салтанатты шарада шебердің санқырлы өнері туралы бейне-фильм көрсетілді. Құттықтап сөйлеушілер де Ерғазының ерекше талантына тоқталып өтті. Е. Исатаевтың «Ұста өнерінің сан қыры» кітабында шебердің реставрациялық жұмыстары, музей қорындағы коллекциялары, көркемөнер туындылары, ағаш ұқсату, тері өңдеу, металл өңдеуге қатысты тақырыптарға бөлініп, қолөнер бұйымдары мен жәдігерлері түрлі-түсті фотосуреттер арқылы тартымды етіп топтастырылған. «Ұлытау шеберлері» сериясымен жарық көрген құнды кітап іс-шараға қатысушыларға тәберік ретінде таратылды.

Амандық РАХҰЛЫ



Республика күні
25 қазан

**РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!
БІРЛІГІМІЗ БЕКЕМ, РУХЫМЫЗ АСҚАҚ БОЛСЫН!
ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ӘР ТАҢЫ ШАТТЫҚ ПЕН
МАҚТАНЫШҚА ТОЛЫ БОЛСЫН!**

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады.

Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ: ЖОЛДАР МЕН ТҰРҒЫНДАР ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА

Қыс маусымы таяп келеді. Тұрғындардың қауіпсіздігі мен қаланың қалыптасуы тіршілігін қамтамасыз ету – басты міндет. Сәтбаев қаласының әкімі Мұрат Бөрібаевтың төрағалығымен өткен аппараттық жиналыста қысқы кезеңге дайындық барысы қаралды.



Жиында қала көшелерін қардан тазалау, жолдарды күтіп ұстау және төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары пысықталды.

Мердігер ұйымдардың келісім-шарт мерзімін ұзарту мүмкіндігі, қоймадағы құм мен тұз қорының жеткіліктілігі, қатқақ кезінде адамдар көп жүретін орындарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін арнайы техниканың және жұмысшылардың дайындығы, құм-тұз қоспасының орнына заманауи реагенттер қолдану, қар мен мұзды шығару полигондарының дайындығы сияқты мәселелер қаралды.

Аппараттық жиналыс барысында бұдан бөлек қаланың 3-тоқсандағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен жастар ресурстық орталығының жұмысы және жастарды жұмыспен қамту мәселелері де талқыланды.

Қала басшысы барлық жауапты бөлімдерге өз салалары бойынша нақты тапсырмалар беріп, қысқы маусымға жан-жақты дайындықты қамтамасыз етуді тапсырды.

Қала әкімінің баспасөз қызметі

«АҚБЕРЕН» МЫҚТЫЛАРДЫ ІРІКТЕДІ

14- қазан күні Сәтбаев қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде 8-11 сынып оқушылары арасында «Ақберен» республикалық өнер байқауының облыстық кезеңі болып өтті. Бұл күні жеңіс тұғырына көтерілген өнерлі де білімді оқушылар алдағы уақытта облыстың намысын республикалық ақтық сында қорғайды.

Сонымен, жеңімпаздарымыз кімдер? Көркемсөз оқу бағыты бойынша: Ұлытау ауданы білім бөлімінің №2 жалпы білім беретін мектебінің 10-сынып оқушысы Дулатқызы Таңшолпан, Ұлытау облысы білім басқармасының Абай атындағы мамандырылған мектеп-интернатының 9-сынып оқушысы Қайратқызы Кәусар. Шешендік білгірлік бағыты бойынша: Сәтбаев қаласы білім бөлімінің Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы Ерубай Айгерім, Ұлытау ауданы білім бөлімінің №17 жалпы білім беретін мектебінің 9-сынып оқушысы Әубәкір Зерде. Ұлттық аспапта өнер көрсету бағыты бойынша: Ұлытау облысы білім басқармасының "№3 "БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ" лицей-интернатының 11-сынып оқушысы Ілияс Елтіре, Жезқазған қаласы білім бөлімінің №3 жалпы білім беретін мектебінің 9-сынып оқушысы Дүйсенбай Нұрасыл, Жаңаарқа ауданы білім бөлімінің Б.Амалбеков атындағы тірек мектебінің (РО) мектебінің 9-сынып оқушысы Балтабай Жалғас. Ақындар мүшәйрасы бағыты бойынша: Ұлытау ауданы білім бөлімінің №6 тірек мектебінің (РО) 10-сынып оқушысы Алпысбай Таңшолпан, Жаңаарқа ауданы білім бөлімінің Ынтылы жалпы білім беретін мектебінің 10-сынып оқушысы Рүстем



Сырғалым. Ақындар айтысы бағыты бойынша: Ұлытау ауданы білім бөлімінің №14 жалпы білім беретін мектебінің 9-сынып оқушысы Егеубай Гүлім. Эссе жазу бағыты бойынша: Жезқазған қаласы білім бөлімінің №13 жалпы білім беретін мектебінің 10-сынып оқушысы Төлеш Сезім, Ұлытау облысы білім басқармасының "№3 "БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ" лицей-интернатының 11-сынып оқушысы Аубакиров Нұрым.

Байқаудың қорытынды салтанатында «Ұлытау дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау көрсету жөніндегі орталығының директоры Төлен Руслан Қайратұлы сөз сөйлеп, барлық қатысушыларға ризашылығын білдірді. Ол сондай-ақ, республикалық деңгейде бақ сынайтын оқушыларға сәттілік пен жеңіс тіледі.

(Өз тілшімізден).

ПОСЛАНИЕ – НОВЫЙ ПУТЬ К РАЗВИТИЮ

В современном мире, насыщенном информацией, особую роль начинают играть послания — концентрированные обращения, направленные на то, чтобы указать путь, задать вектор и объединить общество вокруг определённых целей. Послание становится не просто средством коммуникации, а стратегическим инструментом развития — как на уровне личности, так и на уровне государства или организации.

Одним из самых ярких примеров использования послания как инструмента развития являются ежегодные обращения глав государств к народу или парламенту. В таких посланиях формулируются приоритеты государственной политики, определяются стратегические цели, анализируются достижения и ставятся новые задачи.

Например, послания президента Российской Федерации Федеральному Собранию традиционно становятся важным политическим событием. В них отражаются основные направления социально-экономического и политического курса страны. Такие обращения не просто информируют общество — они становятся ориентиром для деятельности правительства, региональных властей, бизнеса и гражданского общества.

В современном мире, где информация часто обесценивается из-за своей избыточности, послание приобретает стратегическую ценность. Оно должно быть ясным, лаконичным и целенаправленным. Послание — это не описание текущей ситуации, а взгляд в будущее. Это своего рода «маяк», который позволяет ориентироваться в быстро меняющемся мире.

Организации, компании, общественные движения всё чаще формируют свои миссии, ценности и стратегические цели именно в форме послания. Оно служит внутренним и внешним ориентиром, помогает сотрудникам, партнёрам и клиентам понимать, куда движется организация и чего она стремится достичь.

На личностном уровне послание тоже может стать мощным инструментом. В эпоху цифрового шума, человек, как никогда ранее, нуждается в чётком понимании своих целей, ценностей и смысла. Сформулированное для себя послание — это своего рода личный манифест. Оно помогает сохранить фокус, двигаться к развитию и не сбиваться с пути.

Такое личное послание может быть оформлено в виде афоризма, цитаты, короткого высказывания или даже письма самому себе. Главное — оно должно быть искренним и соответствовать внутренним убеждениям человека. Примеры таких посланий: «Создавай, а не потребляй», «Развивай себя — и изменится мир вокруг», «Будь тем, кем хочешь видеть других».

Современный мир сталкивается с глобальными вызовами: экологическими, технологическими, социальными. В этой нестабильной реальности особенно важна способность видеть цель и следовать ей. Посла-



ние в таких условиях становится не просто ориентиром, но и фактором устойчивости. Оно помогает не потеряться, сохранить мотивацию и продолжать движение вперёд.

Во многих странах именно благодаря таким посланиям удаётся проводить масштабные реформы, продвигать инновации, формировать устойчивое развитие. Главное — чтобы эти послания были не декларациями, а содержательными документами, подкреплёнными действиями и ресурсами.

Формулировка послания — это не просто акт коммуникации, но и акт ответственности. Тот, кто формирует послание, берёт на себя обязательство действовать в соответствии с ним. Это касается и лидеров государств, и руководителей компаний, и каждого человека, который осознанно выбирает свой путь развития.

Настоящее послание всегда подразумевает действие. Оно должно быть подкреплёно конкретными шагами, иначе оно превращается в лозунг. Поэтому важно не только говорить, но и делать. И чем ближе действия к словам — тем сильнее послание.

Послание — это не просто слова. Это импульс, способный запускать изменения. В правильных руках и при искреннем намерении оно становится мощным инструментом развития — личности, организации или целого государства. Мир нуждается в ясных посланиях: вдохновляющих, направляющих и объединяющих. А значит, каждому из нас важно научиться не только слышать послания других, но и формулировать свои собственные.

И.МОСУНОВА,
*председатель русского
этнокультурного
объединения «Любавушка».*

МӘСЛИХАТТЫҢ МАҚСАТЫ – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ

СҰХБАТТАСЫМЫЗ - ЖЕЗҚАЗҒАН
ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ
ТӨРАҒАСЫ РАУШАН ОҢҚОНЫСҚЫЗЫ
ҚАПАРОВА



– *Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Мәслихаттар саяси жаңғыру аясында жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі буынына айналуға тиіс» деген сөзі бар. Бұл бір жағынан мәслихаттың ел өміріндегі өзіндік орнын айқындаса, екінші жағынан, оның бағытын белгілеп бергендей сезіледі. Сөзімізді осы тұрғыдан бастасақ...*

– Қасым – Жомарт Кемелұлы Президент болған алғашқы сәттерден-ақ «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» қағидатын жариялағаны және сол қағидатты басшылыққа алып келе жатқаны белгілі. Әрине, бәрі бірден ойнағандай бола қоймаса да, алға қойған осы мақсат біртіндеп жүзеге асып келеді. Қазіргі Мәжілісті осының алдындағы құраммен салыстыра аласыз ба? Үкімет мүшелері әлсін – әлсін Мәжіліске барып, есеп беріп, депутаттардың сан алуан сұрақтарына жауап қайтарып жатуы – үйреншікті жағдайға айналып барады. Мұны өзіміз кейде толық сезіне де бермейміз. Сондай – ақ, жергілікті жерлердегі мәслихаттардың да ролі күшейе түсті.

Азаматтардың өкілді билікке деген сенімі мәслихаттардың жұмысына байланысты болатыны айтпаса да түсінікті. Мықты мәслихаттар ғана өзекті мәселелердің шешімін табуға және аймақтардағы тұрмыс сапасын жақсартуға игі ықпалын тигізе алады. Біз мұны өмір тәжірибесінен талай рет көріп те жүрміз. Сондықтан да, қоғамның сұранысына қарай мәслихаттың да дербестігі артып келеді.

– *Соңғы сайлаудан бері де екі жылдан аса уақыт өтті.*

– Ия, биыл Жезқазған қалалық мәслихаты 8 шақырылымының депутаттық корпусының қызмет атқарғанына 2 жылдан асты. Қалалық мәслихатта 13 депутат бар. Мәслихатта «Экономикалық даму және бюджет мәселелері бойынша» тұрақты комиссиясы, «Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, құрылыс және сәулет мәселелері бойынша» тұрақты комиссиясы және «Әлеуметтік мәселелер бойынша» үш тұрақты комиссия жұмыс атқарады.

Егер ертеректегі қалалық Кеңесті еске түсірсек, сол кездегі депутаттар қазіргіден 2-3 есе көп болатын. Яғни, қалаға қатысты барлық дерлік мәселе қаралатын, шешім қабылданатын мәслихаттың 13 депутатына түсетін жауапкершілік жүгінің оңай емес. Бірақ, соған қарамастан, біз өз міндетімізді адал атқару үшін күш – жігерімізді аянбай келеміз. Айталық,

2023-2025 жылдар аралығында мәслихаттың тұрақты комиссияларымен қалалық мәслихаттың сессияға шығарылған басқа да мәселелері бойынша 61 отырыс өткізілді. Онда қаралған мәселелер: қалалық бюджетті бекіту және нақтылау, қаланың жолдарын жөндеу жұмыстары, абаттандыру, балалар алаңының құрылысы, қоғамдық көлікпен жолаушыларды тасы-

малдау бағыттарының жағдайы, 2025-2026 жылғы жол жөндеу жұмыстарының жоспары талқыланды, қаланың жылу беру маусымына дайындығы мәселелері қаралды.

Сондай-ақ, осы уақыт ішінде қалалық мәслихаттың 35 сессиясы өткізіліп, 203 мәселе қаралды. Бұлар қаланың, ауыл округтерінің бюджеті, бюджеттің орындалуы, тұрғындарды әлеуметтік қорғау мәселесі, қаланы абаттандыру, елді мекендерді санитарлық тазарту, автокөлік жолдарын жөндеу жұмыстары және жолды күтіп ұстау, жасыл желекті суару, Жезқазған қаласының көшелеріне қайта атау беру, қаланың жылыту маусымына дайындығы жөніндегі және т.б. мәселелер болды. Сессияда қаралған барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылданды.

– *Сіздер халық өкілі болып табыласыздар. Сондықтан халық та сіздердің жұмыстарыңызды қадағалап, бақылап отырғанды қалайтыны байқалады. Бұл әрине, дұрыс. Осы ретте мәслихат қызметінің ашықтығы туралы сұрамай кетуге болмас...*

– Мәслихаттың негізгі жұмыс қағидасы – оның ашықтығында. Қалалық мәслихат депутаттарының сайлаушылармен кездесулері және азаматтарды жеке қабылдаулары жоспарға сәйкес жүргізіледі. Депутаттардың жеке қабылдау кестелері мәслихат сайтында жарияланады. Халық қалаушыларының жұмысы әлеуметтік желідегі парақшалары арқылы да тұрақты түрде жарияланып келеді. Әрбір депутат қалалық мәслихаттың ресми сайтында жарияланған кестеге сәйкес ай сайын, ал, өзім болсам, қалалық мәслихаттың төрағасы ретінде апта сайын сайлаушылар қабылдауын өткіземін.

Қалалық мәслихат депутаттары ағымдағы жылы 60 қабылдау өткізді, онда түскен арыз-шағымдар қаралды. Сайлаушылардың негізгі сауалдары әлеуметтік сипаттағы мәселелерге қатысты болды: тұрғын үй мәселесі, жолдардың жағдайы, жасыл желектерді суару, әлеуметтік көмек көрсету, жұмысқа орналастыру.

Кез келген мәслихат депутатының басты міндеті – сайлаушыларға берген сайлауалды уәдесін орындау, сайлаушылардың сенім үдесінен шығып, өз округіндегі тұрғындардың үмітін ақтау. Барлық депутат өз қызметінде ай сайын өткізетін қоғамдық қабылдауларда тұрғындардың көтерген немесе өзге де шешімі табылмай жатқан маңызды мәселелер бойынша Жезқазған қаласының әкімдігіне 102 депутаттық сауал жолданды. Оның 70 пайызы шешімін тауып, қалған 30 пайызы шешілу үстінде.

Қалалық мәслихаттың интернет порталында ресми сайты бар, «Е-өтініш», «Е-қызмет» ақпараттық жүйелерін белсенді пайдаланады. Қалалық мәслихаттың Instagram, Фейсбук парақшаларынан мәслихат жұмысы туралы ақпаратты, қалалық мәслихаттың депутаттары туралы барлық мәліметтерді, шешімдерді, атқарып отырған жұмыстарымызды табуға болады.

Әлеуметтік желідегі парақшаларымызда «Депутаттық бақылау», «Депутаттық кездесулер» деген арнайы айдарлар ашылды. Сол жерге атқарылған және атқарылатын жұмыстарымызды жариялап отырамыз. Сонымен қатар, тұрғындар өз участоктарының депутаттарын парақшамызда сілтеме арқылы жеңіл тауып алуға болады.

Биыл сессияларды тікелей эфир арқылы өткізуді тәжірибеге айналдырдық.

– *Сессияларда қаралған мәселелер халықтың проблемаларын шешуге бағытталатыны әрине, түсінікті. Дегенмен, мәслихат төрағасы ретінде оң шешімін тапқан мәселелер туралы айта кетесіз бе?*

– Сессияда қаралатын әрбір мәселе маңызды. Кейде кейбір мәселелердің шешімі табылмай қалатыны да кездеседі. Ал, көтерілген мәселе оңды шешімін табатын болса, бұл әрине, бәрімізге де қуаныш сезімін сыйлайды.

Мысалы, Жезқазған қаласында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесі 4 пайыздан 2 пайызға төмендетілді. «Жезқазған қаласының жекелеген санаттағы азаматтарының қоғамдық жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы», яғни барлық зейнеткерлерге, 1,2 топтағы мүгедектері бар жандарға, барлық мектеп оқушыларына жол жүру ақысы тегін жүру туралы және Жезқазған қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау бойынша 2 есеге өсті. Мысалы: Ауған соғысы, тәжік-ауған соғысы, Чернобыль апатына қатысқандарға, желтоқсаншыларға 300 мың теңге, тұрғын үйді газдандыру бойынша әлеуметтік осал топтарға 1 реттік көмек көрсету туралы шешімдер қабылданды.

Мәслихат депутаттарының ең басты міндеттерінің бірі қала бюджетін тиімді бөлу әрі бөлінген қаржыны қадағалап, бақылау болып табылады. Осы бағытта Жезқазған қаласы бойынша мониторингтік топтар құрылып, қала бойынша 95 нысанды қадағалауға алу іске асты. Мониторинг топ облыстық, қалалық мәслихаттардың депутаттарынан, Қоғамдық кеңестің мүшелерінен құралған. Әр мониторингтік топ өздеріне бекітілген нысандарда, яғни жол, мектеп құрылысы, ТЭЦ қазандықтарында атқарылып жатырған жұмыстардың сапасын бақылады.

Былыр депутаттарымыз Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару Академиясы Ұлытау облысы бойынша филиалында «Мәслихаттардың ролі мен әлеуетін күшейтудің заманауи тәсілдері» тақырыбы бойынша біліктілігін арттыру курсынан және «Аманат» партиясы ұйымдастырған курстан өтіп сертификатқа ие болды.

«Салауатты ұлт» жобасы бойынша депутаттар қаланың медициналық және білім

беру мекемелерін тексеруге де қатысты. Сонымен қатар, мәслихат депутаттары Полиция департаментімен бірігіп отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес мақсатында құрылған «Тұрмыс» жедел-алдын алу шараларына қатысып, қиын жағдайға тап болған тұрғындарды аралап, наурыз, сәуір айларында «Тазалық» жедел-алдын алу іс шарасына қатысып қаламыздағы қоқысқа толып кеткен бірқатар көшелерді аралады.

Тұтынушылар құқығын қорғау департаментімен қалалық мәслихаттың депутаттары «Сапалы өнім» жобасы аясында меморандумға қол қойды. Осы жоба аясында қалалық мәслихаттың депутаттарының қатысуымен азық-түлік бағаларын тексеру үшін мониторинг тобы құрылды. Сауда үйлеріне жүргізілген тексеріс жұмысына депутаттар, кәсіпкерлік бөлімінің, «Ұлытау» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы мамандары қатысты.

Сонымен қатар қалалық мәслихаттың депутаттарының қатысуымен мектептердегі асханалар қызметінің жағдайымен арнайы құрылған жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобы қала мектептерінде болып бірнеше ескерту жасады. Алдағы уақытта бұл бақылау жұмыстары жалғасатын болады.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы аясында Жезқазған қалалық мәслихаты мен Жезқазған қаласының Ардагерлер кеңесі бірігіп Жезқазған қаласының тұрғындары, ПИК, ОСИ төрағалары, кәсіпкерлері «Таза Қазақстан – Таза Жезқазған» конкурсын өткізді. «Көрікті ғимарат ауласы», «Таза подьезд», «Үздік жасыл аула», «Үздік ПИК», «Үздік МИБ» номинациялары бойынша 38 өтінім түсіп, жеңімпаздар анықталып, марапатталды.

– *Сізге мәслихаттың төрағасы ретінде жүктелетін жауапкершілік зор. Мұндайда жұмысты ұтымды ұйымдастыра білуге тәжірибе де керек.*

– Өте дұрыс айтып отырсыз. Қазір еліміздің әр өңірінде өңіраралық ынтымақтастықты нығайту және өкілетті органдардың тәжірибе алмасуына арналған семинарлар өткізу дәстүрге айнала бастады. Бұған шейін өңіраралық семинарлар Ақтөбе, Қызылорда, Көкшетау, Павлодар қалаларында болып өтті. Алдағы уақытта Ақтау қаласында өтетін болады. Мәслихаттар тиімділігін арттыру, халықпен өзара байланысты дамыту, заманауи цифрлық шешімдерді енгізуге байланысты өзекті мәселелер және т.б. мәселелер жөнінде пікір алмасу, тәжірибелер ортаға салына-тын мұндай семинарлардың беретіні көп.

– *Депутат – халық сенімін арқалаған өкіл. Менің ойымша, депутаттар қоғамдық жұмыстарға барынша бейім жандар секілді...*

– Дұрыс айтасыз, қалалық мәслихат депутаттары сайлаушыларға жан-жақты көмек көрсету бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. Айталық, біздің депутаттарымыз қайырымдылық іс-шараларына, соның ішінде «Аманат» партиясының «Мектепке жол», «Ардагерлерді ардақтайық», «Керісінше келешек» жобаларына да белсене қатысып жүр. Қалалық мәслихаттың депутаты Шаяхметов Мұрагер былтыр ерекше балалар тәрбиелеп отырған «Дара жүрек», «Нұр бала», «Samruk Way» орталықтарына «Қазақмыс» корпорациясы арқылы әрқайсына 4 млн-нан 12 млн теңге қаржылай көмек беруге қол жеткізді.

Депутаттық қызмет бұл халық игілігі үшін атқаратын қоғамдық жұмыс. Депутаттық жұмыс үлкен жауапкершілікті талап етеді, оның көтеретін жүгі ауыр. Халық пен биліктің арасын байланыстыратын алтын көпір десем де болады. Менің ойымша, депутат болсын, кім болсын осы қаланың тұрғыны ретінде қаланың көркеюіне, өркендеуіне өз үлесін қосуы керек.

– *Мәслихат қызметі жөнінде жан-жақты сұхбат бергеніңіз үшін Сізге көп-көп рахмет!*

Абдолла ДАСТАНОВ,
«Аймақ ақшамы» газетінің
бас редакторы.

► МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Бұған алғашында қазіргі мұсылмандар қорымының жанынан жаңа қорым үшін жер бөлініп, соның айналасы қоршалып жатқаны, сол қоршаудың әлдебір қадасының дұрыс қағылмауына байланысты «Қазақмыс» корпорациясы Ардагерлер Кеңесі Сәтбаев филиалының төрағасы Ә.Молақов тарапынан айтылған бейпілдеу сөздің көпшілік арасына тарап кеткені себеп болды. Бұдан кейін әлдебір азаматтың «Платный мола салынып жатыр» деп, нақ әлгі қоршалып жатқан қорымды бейнетаспаға басып, әлеужелі арқылы көрсеткені отқа май құя түсті. Қалалық әкімдік «АҚЫЛЫ ЗИРАТ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ – ЖАЛҒАН» деген ақпарат таратты. Бұл ақпарат әлеужелі арқылы да таратылды, 17 қазан 2025 жылғы «Аймақ ақшамы» газетінде (№37) де жарияланды.

Қала әкімдігінде нақ осы мәселеге байланысты бір жиын өтті. Жиынға қала әкімі М.Бөрібаев және қаланың бір топ ақсақал – қарасақалдары, сондай – ақ, осы жиынға арнайы келген ҚМДБ жанындағы «Qamqor-Sharapat» салттық қызмет көрсету орталығының директоры Рсыманов Мейрамбек Қабылбекұлы қатысты.

Қала әкімі Мұрат Ерболатұлы жиналғандарға жаңа қорымның қаланың бас жоспарына сәйкес келетінін, яғни, бұрыннан жоспарланған шаруа екенін жеткізді. Қорымның аумағы 28 гектарды құрайды. Қазірдің өзінде біршама жұмыс көлемі атқарылды. Қорым дайын болған кезде Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының, яғни, Мұфтиятының жанынан құрылған «QAMQOR-SHARAPAT» салттық қызмет көрсету Орталығына сенімгерлік басқаруға беріледі. Орталық қорымның күтімін, шырақшы ұстау, қабір қазу және т.б. қызметтер көрсетуді өз жауапкершілігіне алады.

- Әрине, кейбір кісілер айтып жүргендей, «біздің өңірде тек қана лақат қазу керек» деген талап дұрыс емес. Жердің ыңғайына қарай лақат, жарма немесе тіккөр қазыла ма, мұны сүйек иесінің өзі шешеді. Жердің асты тас екен деп, белгіленген территориядан бас тартып, жаңа жер іздеп кете алмаймыз. Лақаттың, жарманың, тіккөр қазудың ақысын аталған орталық өзі анықтап, белгілейді – деген қала басшысы сөзді «QAMQOR-SHARAPAT»

«ПЛАТНЫЙ» ЕМЕС, «СТАНДАРТНЫЙ» ҚОРЫМ БОЛАДЫ

Кейінгі күндері Сәтбаев қаласында Қорым төңірегінде бірін түсініп, бірін түсініп болмайтын алыпқашты әңгімелер тарады.



салттық қызмет көрсету Орталығының директоры Рсыманов Мейрамбек Қабылбекұлына берді.

Ол елімізде зираттарды тәртіпке келтіру қолға алынып жатқанын, біртектес бейіттер қойылатын қорымдар көбейіп келе жатқанынан хабардар етті. Мейрамбек Қабылбекұлы алдағы уақытта еліміздің Парламенті қорым туралы арнайы заң қабылдағалы жатқанын да айтты. Міне, осы жерде біздің тарапымыздан бірер сұрақ туындады.

Қазақ – араб та емес, еуропалық та емес. Қазақтың даласы да сондай. Біреу сыпа, біреу төртқұлақ, енді біреулер күмбез тұрғызғысы келеді. Әркімнің өз түсінігі бар. «Жоқ, ондайларыңды енді қойыңдар, бәрің бірдей «стандартный» молаға жатасыңдар» деген қалай болады? Қабірстанға күтімнің керегі анық. Тіпті, бірқатар етіп, қарапайым түсінікпен айтқанда, көше – көше етіп жерлеген де дұрыс шығар. Бірақ, тек қана біз бекіт-

кен қалыптан басқа бейіт салуға жол берілмейді» деген қалай? Осы ойымызды іркіп қалмадық, айттық. Төртқұлақ не күмбез тұрғызғаннан адамдарға, табиғатқа зиян келе ме? Айталық, менің «стандартный» қорымға жатқым келмейді, сонда не істеуім керек?

Бұл тек менің көңілімдегі сұрақтар ғана деп ойламаймын. Сондықтан да, осындай сұрақтар туындайды. Ал, сонда қандай жауаптар естідік дейсіз ғой, мұны да айта кетейік. «Егер «стандартқа» жатқыңыз келмесе, басқа жаққа барыңыз» деген бір жауап болды. Сонда кез келген жерге бейіт тұрғыза беруге бола ма? Болмайды ғой. Демек, «стандартный» қорым болса, қорымның «нестандартный» түрі де болуы керек. Төртқұлақ, күмбез қоямын дейтіндердің құқығы неге шектелуі тиіс?

Менің сұрағыма Әбулайыс Молақов ағамыз «Кезінде намаздан соң дәм бермейік» дегенде де халық

алғашында қарсы шыққан, қазір бәрі соған көндікті, үйренді, стандартқа да үйренетін болады» деп қалды. «Намаздан кейін де дәм беріп жүргендер бар» деп, күнделікті көріп жүргенімізді айтқанымызда, Әукең «кейбір керкеткендердің» ғана солай істеп жүргендерін алға тартты. Сонда намаздан соң өлігінің құрметіне дастархан жайып, дәм бергендер «керкеткендер» болып есептелетін болғаны ма?

Қазаның, Құдайының дастарханы той дастарханы секілді болып кетпесін деген өте дұрыс. Бірақ, тым жұпыны етіп жіберген де дұрыс емес – ау. Сондай – ақ, «Етті турап әкелу керек», «Құдайы кезінде еске алу сөзін сөйлемес», «Бейнеролик көрсетпе» деген тыйымдарды да өз басым артық санаймын. Ел еске алса, әруақтың жақсылығын айтады, сол көпшілікке тарайды. Тірі кезіндегі жарқылдап жүрген сәттері бейнетаспадан көрсетілсе кімге қандай зияны тиеді? Содан дін бұзыла ма? Осындай түсініксіз тыйымдар қаптап кетті ғой кейінгі уақытта. Сол бірінен соң бірі қаптаған тыйымдардың ақыры мінеки, молаға да келіп жеткен сияқты.

Жиыннан шыға бере Әукең «Жұртың қандай молада жататыны қабырғаға батып жүр ме? Неге стандартқа жабысып қалдыңдар?» деген тікелей сұрақ та қойды. «Халықтың қалтасын ойлау керек қой» деді ол. Сонда қалай, «өмірден өткен жақынымыздың басын көтере алмай жатырмыз» деп, халық көшеге шығып көмек сұрап, жүгіріп жүр ме екен?

Жиыннан соң әрине, астанадан келген Орталықтың өкілі де, қала басшылығы да, ардагерлер өкілдері де «осы стандарт дұрыс» дегендей, бір мәмілеге келгендей болды. Бұл ретте халық өз сөзін айтуы керек. «Жаңа қорымда тек қана «стандартный» мола салынатын болсын» дегенді Сәтбаевтың 5-6 шалы қолдады екен деп, мұны ақырғы шешім деудің ешқандай да реті жоқ.

Абдолла ДАСТАНОВ.

СВЕТСКИЕ ПРИНЦИПЫ И МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНЫЙ ДИАЛОГ В КАЗАХСТАНЕ

Светское государство - это общество, где государственные решения и общественные отношения строятся не на основе религиозных догм, а на принципах права, справедливости и равенства. В Казахстане светскость является одной из основополагающих конституционных норм, обеспечивающих гармоничное сосуществование представителей разных религий, культур и мировоззрений. Этот принцип не только гарантирует свободу вероисповедания, но и создает пространство для мирного межконфессионального диалога.

Согласно Конституции Республики Казахстан, страна является светским государством, в котором ни одна религия не признается государственной или обязательной. Государство отделено от религиозных объединений, однако уважает их деятельность, если она не нарушает закон и не угрожает общественной безопасности. Таким образом, светскость в казахстанском контексте не означает отрицание религии, а, наоборот, обеспечивает равные условия для всех конфессий и поддерживает их конструктивное взаимодействие в рамках закона. Одним из ключевых проявлений светских принципов в Казахстане является развитие межконфессионального диалога. В стране действует Ассамблея народа Ка-

захстана и Республиканский межконфессиональный совет, деятельность которых направлена на укрепление доверия между различными религиозными объединениями. Кроме того, Казахстан известен во всем мире как площадка для Съезда лидеров мировых и традиционных религий, который регулярно проводится в Астане с 2003 года. Этот форум стал символом приверженности государства идеям мира, терпимости и взаимопонимания. На уровне регионов также ведется большая работа по укреплению межконфессиональных отношений. В стране насчитывается более 3800 религиозных объединений, представляющих свыше 18 различных конфессий. Они действуют в рамках за-

кона и участвуют в социальных проектах, направленных на воспитание молодежи, помощь нуждающимся и развитие гражданской солидарности. Благодаря соблюдению светских принципов и равному отношению к различным религиозным организациям, в обществе сохраняется стабильность и доверие между представителями разных вероисповеданий. Светские принципы также проявляются в сфере образования и государственного управления. Школы, колледжи и вузы Казахстана функционируют вне религиозного влияния, что обеспечивает нейтральность знаний и формирует у молодежи критическое мышление, толерантность и уважение к различным

взглядам. Государственные служащие обязаны действовать исключительно на основании закона, а не под влиянием религиозных убеждений. Это позволяет государству сохранять баланс между свободой совести и общественным порядком. Важно отметить, что светскость и межконфессиональный диалог неразделимы. Светское государство создает условия, при которых различные конфессии могут свободно выражать свои взгляды и участвовать в общественной жизни, не опасаясь дискриминации. В свою очередь, уважение между представителями разных религий способствует укреплению мира и единства в обществе. Взаимное доверие, открытость и готовность к сотрудничеству - вот ключевые факторы, которые позволяют Казахстану быть примером толерантности для всего региона.

Габит КАЛДАРБЕК,
член областной информационно-разъяснительной группы по вопросам религии, религиовед.

■ ҰЛТ ТАРИХЫ

БҰЛАНТЫ ШАЙҚАСЫ.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫН ҰЛТ РЕТІНДЕ САҚТАП ҚАЛҒАН ҰЛЫ ТАРИХИ ЖЕҢІСКЕ – 300 ЖЫЛ

РЕДАКЦИЯДАН: Қасым-Жомарт Тоқаев 17 мамырда 70 жасқа толды. Ол өзінің мерейтойына байланысты қандай да бір іс-шаралар ұйымдастыруға тыйым салғаны белгілі. Бұл - Президенттің даңғазас -шудан алыс адам екендігін, қарапайымдылығын танытады. Бірақ, ел басшысының өмірін, өскен ортасын білудің ешқандай да артығы болмайды. Сондықтан да, орайлы сәтті пайдаланып, Қасым-Жомарт Кемелұлының әкесі Кемел Тоқаев пен анасы Тұрар Шабарбаева туралы әңгімелейтін «Әке туралы толғаныс» ғұмырнамалық кітабынан үзінділер жариялауды жөн санадық. Елбасшымыздың мерейтойы құтты болсын!

Ұлытау – тәуелсіз Қазақстанның тарихында өшпес із қалдырған тағдырлы оқиғаларға бай мекен. Сол тарихи кезеңдердің ең маңыздысы – қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы тұрып, елдігін, бірлігін, жерін қорғауы. Бұл тек мемлекеттің ғана емес, тұтас ұлттың, оның тілі мен мәдениетінің, салты мен дәстүрінің тағдырын шешкен ұлы тарихи белес болды. Осы сындарлы заманда, 1727 жылы қазіргі Ұлытау өңіріндегі Бұланты өзені бойында, үш жүздің батырларынан құралған қазақ жасақтары мен жоңғар-қалмақтың біріккен қолы арасында шешуші шайқас өтті. Бұл — қазақ сарбаздарының бірігіп жауға күйрете соққы берген алғашқы ірі жеңісі еді. Бұл жеңістен кейін майдан кіндігі болған Білеуті өзені «Қалмақ қырылған» атанды. Ал талайларды тасандырып, аңызға айналған атышулы соғыс «Бұланты шайқасы» деп аталып, ұлт тарихында алтын әріппен жазылды. Бұланты шайқасы – ұлт-азаттық күрестің бетбұрысты кезеңіне айналды. Тарихшылар орынды атап өткендей, егер осы жеңіс болмағанда, бүгінгі ұлан-ғайыр қазақ даласында өзге мемлекеттің орнығуы әбден мүмкін еді. Қазақ халқы ұлт ретінде жойылып, тарих сахнасынан мүлде жоғалуы да ықтимал болатын. Өлшеусіз тарихи маңызы бар бұл жеңіс жайлы Мұхтар Мағауин былай деген еді: «Егер Бұланты мен Аңырақайдағы жеңістер болмаса, Қазақ Ордасы осыдан үш жүз жыл бұрын мүлде тозып құрып біткен, Ноғай Ордасының көбін киері анық-ты». Бұл кезеңнің басты оқиғалары тағы да жоңғар шапқыншылығымен тікелей байланысты болғандықтан сол тұстағы қазақ-жоңғар қатынастарына сипаттама берелік.

Жоңғар хандығының шығысы мен оңтүстігіндегі көршісі – алып Цинь империясымен де олар әлсін әлсін соғысып, олардың да жерін бірте-бірте жаулап алу саясатын жүргізгені тарихи шындық. Жаңа жайылымдарға деген қажеттілік жоңғарларды қазақ жеріне көз алартып, басып алуға итермелейді. 1635 жылы құрылған Жоңғария мемлекеті алғашқы күндерден бастап қазақ жеріне тонаушылық жорықтар ұйымдастырады. Батыр хонтайшы (1635-1653) тұсында қазақ – жоңғар арасында үш ірі соғыс болады. Олардың 1635, 1643 және 1652 жылдары болғаны тарихтан мәлім. Сенге хонтайшы тұсында (1653-1670) екі жақ арасында ірі соғыстар тарихта тіркелмеген. Ал Галдан Бошокту тұсында Жоңғарияның әскери агрессиясы барлық көрші елдерге бағытталады. Қытаймен соғыса отырып, ол Шығыс Түркістан - Қашқарияны бағындырады, 1680-1683 жылдары Сайрам қаласы түбінде қазақтармен соғыс жүргізеді, Ош пен Андижан өңірлеріне тонаушылық жорықтар ұйымдастырады. 1697 жылы Сенгенің ұлы Цеван Рабтанның жоңғар тағына келуімен қазақ-жоңғар қатынасы күрт өзгеріске ұшырайды. Егерде Цеван Рабтанға дейінгі



екі жақ арасындағы қақтығыстар негізінен тонаушылық сипатта болса, жаңа хонтайшы ол қатынасты басқыншылық сипатқа ауыстырады. Міне, осы жылдарда қазақ халқының батыр ұландары өз қолбасшыларының бастауымен жер үшін, ел үшін жан аямас қан майдандарға шығады. XVII ғасырдың соңы - XVIII ғасырдың 60-шы жылдарына дейінгі қазақ батырларының бәрі жоңғарлармен болған соғыстарда көзге түсіп, батыр атанады.

Бірнеше мыңжылдық Қазақ елінің тарихында әр дәуірдің алатын өз орны бар. Хандық дәуір деп аталатын тарихи кезеңге XV ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың бірінші ширегіне дейінгі уақыт жатады. Дәуір - Қазақ хандығының тарих мінберіне көтерілуімен басталса, XVIII ғасырдың 20-шы жылдарының бірінші бөлігінде тарих көшінде қалумен аяқталады. Үш жарым ғасырдан астам уақыт өмір сүрген Қазақ хандығы өз тарихында екі үлкен кезеңге бөлінеді. Біріншісі – бір орталықтан басқарылатын хандық кезең, ал екіншісі – Қазақ мемлекетінің бытыраңқылық кезеңі. XVIII ғасырдың басында Тәуке ханның қайтыс болуымен хандық дәуірдің бірінші кезеңі аяқталып, екінші кезеңі басталады. Қазақ тарихында «алтын ғасыр» немесе «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман деген атауға ие болған Тәуке ханның билігі ол қайтыс болғаннан кейін қазақтар үшін сағымға айналып кетеді. Тәуке ханнан соң билікте болғандар Есім ханның бір ұрпағы Қайып хан, одан кейін Тәукенің үлкен ұлы Болат хан қазақ қоғамындағы ішкі саяси қайшылықтарды ретке келтіре алмады. Орталық атқарушы билік әлсіз болғандықтан жер-жердегі беделді сұлтандар өздерін хан деп жариялап, дербес саясат жүргізе бастайды. Кіші жүзде Әбілқайыр хан, Ұлы жүзде оның туысы Жолбарыс хан Тәшкенде отырып, дербес билеуші атанады. Түркістанда Болат ханнан кейін Тәуке ханның ұлы Сәмеке хан, ал одан кейін Болаттың ұлы Әбілмәмбет хан билікте болып, олар бар болғаны Орта жүздің ру-тайпаларына билік етеді. Сол себепті оларды Орта жүз хандары деп атайды. XVIII ғасырдың 20-40 жылдары Қазақ мемлекетінің орнында үш саяси құрылым пайда болса, олардың ішкі саяси жағдайы да берік бола алмады. Кіші жүзде Әбілқайыр ханның саяси қарсыласы Қайып ханның ұлы Батыр сұлтан шекті, шөмекей руларын басқарып, Кіші жүз ханына бағына қоймайды. Ол Әбілқайыр ханның басты қарсыласы Барақ сұлтанның жағында

болады. Орта жүздегі саяси жағдайға келсек, мұндағы жағдай Кіші жүздің жағдайынан әлде қайда ауыр болатын. Әбілмәмбет хан негізінен арғын руларына арқа сүйесе, Сәмеке ханның ұлдары Сейіт хан Түркістан қаласы мен оған іргелес елді мекендерде билік жүргізіп, Әбілмәмбет ханмен тайталасқа түседі. Осы жылдарда Орта жүздің тағы бір ірі саяси тұлғасы Барақ сұлтан ортажүздің найман, қоңырат, қаракесек руларын басқарып, бүкіл Қазақ еліндегі саяси шиеленістің отын одан әрі өршіте түседі. Барақ сұлтанның туған інісі Көшек хан найманның садыр руын басқарып, Сайрам қаласында өзін жекедара хан деп жариялайды.

Қазақ еліндегі осындай ішкі саяси жағдай көрші мемлекетке белгілі болатын. Батыстан ентелеп келе жатқан Ресей де, шығыстан әлсін-әлсін жорық жасап отырған Жоңғария да қазақ қоғамында қалыптасқан саяси жағдайдан барынша пайда табуды көздейді. Ал енді осы жылдардағы қазақ елінің сыртқы саяси жағдайын Ш.Уәлиханов былайша сипаттайды: «XVIII ғасырдың алғашқы онжылдықтары қазақ халқы үшін өте қиын уақыт болды. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары және башқұрттар қазақтардың ұлыстарын жан-жақтан талап, малдарын айдап әкетіп, адамдарын отбасыларымен бірге тұтқынға әкетіп отырды. Қыстың аяздары мен аштық құдайдың жіберген сынағы тәрізді, халықтың қасіретін одан әрі қиындатып жіберді. Орынборда болған қазақтың бір рубасы халқының жағдайын бір топ тазыдан қашып келе жатқан қоянға теңеген». Бұл жағдай «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары қарсаңында қазақ еліндегі қалыптасқан жалпы саяси жағдайдың қандай екенін көрсетеді.

1723 жылғы жоңғарлар жорығы ерте көктемде тосыннан басталады. 30 мыңдық жоңғар әскерлерін хонтайшының ұлы Шоно- Лоузан басқарады. Ол жетісу бойымен, Талас, Арыс өзендерінің аралығындағы қазақ ауылдарын жазықсыз қырып жояды. Жоңғар әскерінің бір тобы Әулиеата тауы маңындағы Шыршық өзені алқабында қоныс тепкен қазақтарға бағытталады. Жорық барысында бес мыңдай қазақ қолға түсіріліп, Жоңғарияға әкетіледі, көп адам қаза табады, ал аман қалғандары жоңғар әскерлерінің тонаушылығына ұшырайды, салық төлеуге мәжбүр болады. Жоңғар әскерлері мал бағушы қазақтардың қоныстары мен жайлауларын бағындыра

отырып, Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы қалалар мен отырықшы-егіншілік аудандарға соққылар береді де, ол аймақтарда да өз билігін орнатады. Жалпы жорықтың нәтижесіне келсек, 1723 жылы жоңғарлар Түркістан, Ташкент, Сайрам қалаларын басып алып, Ұлы жүз бен Орта жүз руларының бір бөлігін өзіне бағындырады. Бұл дегеніміз, Ұлы жүздің жерін толығымен, ал Орта жүздің жарты жерін жоңғарлардың иеленгенін көрсетеді. Ел басына түскен осы бір ауыр күндер қазақ халқының ауыз әдебиетінде «Елімай» атты зарлы өнмен ұмытылмастай сақталып қалды. Бас сауғалаған ел көрші аймақтарға үдере көшіп, ауыр халге душар болды. Бұл зұлмат жылдар тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен қалды.

Ендігі арада жоңғарлар Еділ бойындағы қалмақтармен бірігіп, қазақ жерін екі жақтан қысуға бағыт алуды жоспарлайды. Бұл – қазақ халқының тағдыры үшін аса қауіпті жағдай еді. Мұндай сын сағатта елді біріктіру – уақыт талабы болды. Ал елді біріктіретін рух пен сенімді оятатын – бір үлкен жеңіс ауадай қажет еді. Ұлы жеңіс – 1727 жылы жүзеге асты. Ел басына күн туған шақта үш жүздің игі жақсылары Қарақұмда бас қосып, жауға қарсы бірігуге келісті. Бұл Құрылтай-қазақ халқының бірлігі мен тұтастығын қалпына келтірген шешуші кезең болды. Орталық қолды басқару Әбілқайыр сұлтанға жүктелді. Шешуші шайқас Ұлытау өңірінде Бұланты – Білеуті өзенінің алқабында Қарасүйір деген жерде болды. Аңыз-әңгімелер мен тарихи деректерге сүйенсек, үш жүзден жиналған сарбаздар жаудың сағын сындырып, жоңғар мен қалмақтың біріккен қолын тас-талқан етіп жеңген. Бұл жеңіс елдің еңсесін тіктеп, рухын көтерді. Жау қолында кеткен жерлерді қайтару, егемендік үшін күресті жалғастыру жолында халықты бір мақсатқа жұмылдырды. Бізді бүгінгі бейбіт күнге жеткізген – Тәуелсіздіктің рухани негізін осындай ұлы тарихи оқиғалар бекітті. Бүгінде егеменді еліміз – халқымыздың ғасырлар бойғы азаттық жолындағы күресінің жемісі.

Бұл ұлы жеңістің маңызын ескере отырып, 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Бұланты шайқасы өткен тарихи жерде «Бұланты шайқасы» мемориалдық кешені бой көтерді. Бұланты шайқасы, оған арналған мемориалдық кешен – өткенге тағзымның, бүгінгіге береке тілеп, болашаққа сеніммен қараудың айқын символы. Бұл – ұлттық тарихқа деген құрметтің жарқын көрінісі. Кешеннің ашылуы – тарихи әділеттілікті қалпына келтірумен қатар, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің, ұлттық мұраны ұлықтаудың және болашаққа жеткізудің маңызды құралына айналды.

2027 жылы бұл шайқасқа 300 жыл толады. Сол жолда құрбан болған бабалар ерлігі мен елдіктің нышаны – Бұланты шайқасы мәңгілік ұмытылмауы тиіс. Сондықтан бұл тарихи оқиға мемлекет тарапынан кеңінен дәріптеліп, елдің рухани дамуына жол ашатын үлкен бастама деуге толық негіз бар.

Ө.Озғанбаев,
Қазақстан Республикасы
Ұлттық ғылым академиясының
құрметті академигі,
профессор, тарих
ғылымдарының докторы.
М. Қазамбаев,
Жезқазған қаласының Құрметті
азаматы, өлкетанушы.

ЦИФРЛЫҚ МӘДЕНИЕТ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Бүгінгі таңда цифрлық технологиялар адамның күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Әлеуметтік желілер – ақпарат алмасудың, қарым-қатынастың және өзін-өзі танытудың басты алаңы. Алайда бұл кеңістік тек мүмкіндіктер ғана емес, сонымен бірге үлкен жауапкершілікті де талап етеді. Цифрлық мәдениет – бұл интернеттегі қарым-қатынастың этикасы, жеке деректерді қорғау, мәдени құндылықтарды сақтау және саналы ақпараттық әрекеттер жасау қабілеті.

Жауапкершілік не үшін қажет?

Әлеуметтік желілерде әрбір пайдаланушы жариялаған мәліметтері арқылы өзіне ғана емес, басқа адамдарға да әсер етеді. Жалған ақпарат тарату, тіл тигізу, кибербуллинг немесе авторлық құқықты бұзу – барлығы қоғамға зиян келтіреді. Цифрлық мәдениетке ие адам өз әрекетінің салдарын алдын ала ойлап, этикалық нормаларды сақтайды.

Негізгі қағидалар

1. Ақпаратты тексеру – бөліспес бұрын деректің шынайылығына көз жеткізу.

2. Сөйлеу әдебі – пікірталаста құрметті, әдепті тіл қолдану.

3. Жеке деректерді қорғау – құпия мәліметтерді ашық жарияламау.

4. Авторлық құқық – сурет, мәтін, музыка сияқты материалдарды заңды пайдалану.

5. Жауапты тұтыну – фейк, агрессия немесе дискриминацияны насихаттайтын контенттен бас тарту.

Жас ұрпаққа әсері

Жасөспірімдер үшін әлеуметтік желі – өзін табудың, пікір алмасудың ортасы. Сондықтан ата-ана мен мұғалімдер балаларға цифрлық мәдениетті үйретіп, интернеттегі мінез-құлық ережелерін түсіндіруі маңызды. Бұл олардың психологиялық қауіпсіздігін сақтап, ақпараттық сауаттылығын арттырады.

Цифрлық мәдениет – заман талабы. Әлеуметтік желідегі жауапкершілік әр қолданушының өзінен басталады: саналы ой, әдепті сөз, сенімді ақпарат. Интернет кеңістігі мәдениетті адамдардың ортақ еңбегі арқылы ғана қауіпсіз әрі пайдалы алаңға айналады.

А. ҚАППАСОВ,

Ұлытау облысы бойынша дін саласындағы Пул сарапшысы.

СОТ КЕҢСЕСІ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Еліміздегі сот жүйесінің тиімді әрі әділ қызмет етуі – мемлекеттегі құқықтық тәртіп пен азаматтардың әділдікке деген сенімінің басты көрсеткіші. Осы бағытта маңызды рөл атқаратын құрылымның бірі – сот кеңсесі. Сот кеңсесі – сот қызметін ұйымдастырудағы негізгі буын, сот ісін жүргізудің ашықтығы мен сапасын қамтамасыз ететін маңызды әкімшілік орган болып табылады.

Сот кеңсесінің басты міндеті – сотқа келіп түсетін талап-арыздар мен өтініштерді қабылдау, тіркеу және оларды заң талаптарына сәйкес жүйелеу. Сонымен қатар, кеңсе қызметкерлері сот құжаттарының уақытылы дайындалуы мен тараптарға жеткізілуін қадағалап, сот процестерінің ұйымдастырушылық деңгейде тиімді өтуіне жауап береді.

Қазіргі таңда сот кеңсесінің жұмысы толықтай электронды форматқа көшуде. «Сот кабинеті», «Төрелік» және басқа да цифрлық платформалар кеңсе қызметкерлерінің жұмысын жеңілдетіп, қағазбастылықты азайтуға, сонымен қатар азаматтарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

Сот кеңсесінің қызметі – тек техникалық немесе ұйымдастырушылық

міндет емес, ол сот билігінің беделі мен сенімділігін айқындайтын маңызды фактор. Кеңсе жұмысының жүйелілігі мен нақты тәртібі сот істерінің уақытылы қаралуына, сот актілерінің орындалуына және азаматтардың құқықтарының қорғалуына тікелей әсер етеді.

Қорытындылай келе, сот кеңсесі – сот жүйесінің тірегі, оның тиімді әрі ашық жұмыс істеуінің кепілі. Кеңсе қызметкерлерінің жауапкершілігі мен кәсіби біліктілігі сот төрелігінің сапасына ықпал етеді. Сондықтан сот кеңсесінің жұмысын жетілдіру, оны заманауи талаптарға бейімдеу – әділ және қолжетімді сот төрелігін қамтамасыз етудің басты шарты болып қала береді.

К.ШАЛАБАЕВА,

Жезқазған қалалық сотының бас маманы.

Открыто наследственное дело после **БЕЙСЕНБЕКОВОЙ ШАБАЛ БЕЙСЕНБЕКОВНЫ**, умершей 19 августа 2025 году. Всем заинтересованным лицам/наследникам можно обратиться к нотариусу нотариального округа области Ұлытау Мукишовой Б.Н. (лицензия №11003451 КРС и ОПП МЮ РК от 29.12.2011 года). Офис расположен по адресу: г.Жезказган, бульвар Ғарышкерлер, дом 15, кабинет 2

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚАТЕРЛІ ҚҰБЫЛЫС

Тәуелсіз еліміздің экономикасының дамуына кедергі келтіретін, қоғам дертіне айналған мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлық. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатып отыр.

Сыбайлас жемқорлық ұлтымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің халықаралық беделіне, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына елеулі нұқсан келтіретін қауіпті құбылыс. Сондықтан да онымен күресті тек заң қызметкерлері ғана жүзеге асырады деп бойымызды аулақ салмай, бірлесіп күресу баршамыз үшін маңызды іс.

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлықпен күрес барлық мемлекеттік органдар алдындағы басты міндеттің бірі болып отыр. Қылмыстың бұл түрінің қоғамымыздың барлық саласына тамыр жайып кеткені жасырын емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет шараларының ғылыми таңымдары мен өзекті мәселелері Қазақстандағы қоғамдық қатынастарды реформалаудың барлық кешенді мәселелерімен тығыз байланыста. Сондықтан да қоғам бойындағы бұл кесепат кеселмен күреске мемлекетіміз айрықша мән беріп отыр.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары сияқты қоғамға қауіпті іс-әрекеттер мемлекетіміздің басқару жүйесіндегі

сәйкесті буындарды тұншықтырып, олардың қалыпты, заңды қызмет жасауына кедергі келтіреді. Ал, іс жүзінде бірқалыпты дұрыс қызмет атқаратын мемлекеттік органдардың қызметі ғана қоғамның экономикалық дамуына, оның мүшелерінің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қабілетті. Осыған орай мемлекеттік басқару жүйесін қорғау, оған қылмыстық қол сұғуды болдырмау ең маңызды мәселе болып табылады. Өйткені мемлекеттік аппарат қоғамды басқару жүйесінің қажеттілігі, басқару жүйесіндегі әр түрлі процестердің реттеушісі болып табылады. Жалпы сыбайлас жемқорлықпен күресу жеке адамдардың немесе жекелеген топтың ғана емес мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы.

О. КАЛИЕВА,

Сәтбаев қалалық қазынашылық басқарма басшысының орынбасары

СОТ КАБИНЕТІ – ЦИФРЛЫҚ ӘДІЛ СОТТЫҢ КЕПІЛІ

Қазіргі таңда елімізде сот жүйесін жаңғырту, оның ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру бағытында бірқатар маңызды реформалар жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, сот қызметін цифрландыру аясында енгізілген «Сот кабинеті» ақпараттық сервисі – азаматтар мен заңды тұлғалар үшін әділ сот төрелігіне жедел әрі ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз ететін маңызды құралға айналды.

«Сот кабинеті» – бұл Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты әзірлеген бірыңғай электронды платформа. Ол сот органдарына өтініштер мен талап-арыздарды онлайн түрде жолдауға, істің барысын қадағалауға және сот құжаттарымен қашықтан танысуға мүмкіндік береді. Бұл жүйе азаматтарға уақытты үнемдеуге, қағазбастылықты азайтуға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге жол ашады.

Бүгінгі таңда аталмыш жүйе арқылы талап-арыз беру, өтініш жазу, шағым түсіру, мемлекеттік бажды онлайн төлеу, сот актілерін көру сияқты 30-дан астам қызмет түрі қолжетімді. Сонымен қатар, «Сот кабинеті» электронды үкімет порталымен және басқа да мемлекеттік деректер базаларымен біріктірілген, бұл өз кезегінде ақпарат алмасуды жеделдетіп, процестің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Мамандардың айтуынша, сот жүйесінің толықтай цифрлық форматқа көшуі – еліміздің құқықтық мәдениетін арттырып, азаматтардың әділдікке деген сенімін нығайтады. Бүгінгі күні сот процесіне қатысушылардың басым бөлігі электронды форматтағы қызметті таңдауда, бұл оның тиімділігін көрсетеді.



Қорытындылай келе, «Сот кабинеті» – сот саласын заманауи деңгейге көтерген цифрлық жаңалық. Ол азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттырумен қатар, әділ сот төрелігін қамтамасыз етудің маңызды қадамы болып табылады. Болашақта бұл жүйенің одан әрі жетілдірілуі сот жүйесінің ашықтығын, жеделдігін және халық сенімін арттыруға зор үлес қосатыны сөзсіз.

А.МИЗАМБАЙ,

Жезқазған қалалық сотының бас маман – сот отырысының хатшысы.

27 октября – 2 ноября
ГОРОСКОП на следующую неделю



ОВЕН. На этой неделе вам важно не бросаться в авантюры слепо, а продумывать каждый шаг. Начало периода может принести волну вдохновения – используйте ее для проектов, которые долго ждали вашей инициативы. Однако ближе к середине недели расслабляться не стоит: возможны трудности в коммуникации, особенно в деловой сфере..



ТЕЛЕЦ. Эта неделя для Вас несет шанс на небольшую, но важную победу – например, признание в коллективе, похвала или рост в компетенции. Однако не расслабляйтесь: возможна конкуренция или зависть со стороны людей, которые не любят ваш успех. В середине недели появится искушение тратить сверх меры – держите под контролем финансы и желания.



БЛИЗНЕЦЫ. Новые знакомства, интересные предложения и неожиданные новости будут поступать со всех сторон. Ваша задача – отделить зерна от плевел и не утонуть в потоке сведений. Следите за внутренним балансом. Под конец недели возможен эмоциональный поворот.



РАК. Эмоциональные вибрации будут энергичны – могут всплыть давно забытые желания и внутренние конфликты. Ваша интуиция будет обострена до предела – доверяйте своему внутреннему голосу, особенно в вопросах, касающихся недвижимости или крупных семейных покупок.



ЛЕВ. Эта неделя Вам яркие события, приглашения выступить или принять участие в чем-то значимом. Но стоит быть аккуратным с планами и обязательствами: не берите слишком много на себя. В романтической сфере вас ждет всплеск страсти и ярких эмоций. Однако будьте осторожны с финансами – есть риск потратить больше.



ДЕВА. Для Девы эта неделя – про внимание к деталям и внутреннюю организацию. Пора навести порядок в мыслях, делах и даже гардеробе. Не спешите переходить к новому: завершите то, что уже начато. В середине недели могут проявиться вызовы в рабочей сфере – планируйте, распределяйте силы и не игнорируйте «мелочи».




ВЕСЫ. На этой неделе Весам важно проявлять гибкость – ситуация может меняться стремительно. Начало недели подарит энергию для общения, переговоров и творчества. Но не увлекайтесь сладкими обещаниями – ближе к середине появится проверка: кто-то из окружения может ожидать слишком много.




СКОРПИОН. Эта на неделю даст шанс Скорпионам освободиться от старого эмоционального багажа. Вы можете почувствовать давление внутренних вопросов, которые уже давно тянулись. Разберитесь с ними – отпустите то, что тянет назад. В середине недели возможна встреча либо разговор, который перевернет представления о близких людях.



СТРЕЛЕЦ. Ваш гороскоп на неделю благоприятен для планирования поездок, расширения кругозора и общения с разными людьми. Вас могут посетить гениальные идеи, касающиеся вашего будущего. В работе не бойтесь выходить за рамки привычного и предлагать нестандартные решения.



КОЗЕРОГ. Для амбициозных Козерогов наступает время карьерных достижений. Ваша целеустремленность и упорный труд наконец-то принесут видимые плоды. Возможно повышение, получение ответственного проекта или признание со стороны руководства. Сосредоточьтесь на своих долгосрочных целях и не отвлекайтесь на мелочи.



ВОДОЛЕЙ. На этой неделе у вас – всплеск оригинальных мыслей и желание сломать шаблоны. Отличный период для экспериментов, инноваций, смелых решений. Но не навязывайте их всем вокруг – восприимчивость других может быть ниже вашего энтузиазма. В середине недели возможна критика или непонимание – не принимайте все близко к сердцу.



РЫБЫ. Интуиция – ваша суперспособность на этой неделе. Гороскоп предостерегает – будьте внимательны к снам, символам, внутренним подсказкам. Они могут дать ключ к решению давней задачи. В середине недели проявится тема границ – не позволяйте чужим энергиям влиять на вас без спроса. Возможно, придется отстраняться от токсичных связей.

СКАНВОРД

Шифр, послание									
Работа, ткань	Язык, компьютер		Газ, рыба		Имя, логин		Статья, название		Датчик, робот
	Ответчик, социолог		Подол, днище				Чулоч, гольф		Удары, колокол
				Учение, правило					
	Котомка, нищий		Эстафета, дистанция		Олимп, Эверест				
	Буква, альфа		Леер, фал					Игла, кончик	
					Филиал, масоны				
	Домик, лачуга		Аренда, машина						
Зоолог, село		Склад, порох		Путь, стёжка	Страна, население		Печенье, клетка		Размер, величина
Ружьё, деталь		Мордобой, заварушка						Пират, алкоголь	
						Картофель, жир			
Ссора, неурядица		Бог, корабль							
						Омут, ухаб			

Анекдоты, анекдоты...



Налоговый инспектор спрашивает бухгалтера:

— Почему как проверка, так вы сразу болеете?

На что бухгалтер отвечает:

— Да аллергия у меня на вас!

Молодая бухгалтерша устраивается на работу. Директор ей наказывает:

- Будьте внимательны, каждую сумму пересчитайте дважды.

Через некоторое время заходит, а она и говорит:

- Я пересчитала все по десять раз.

- Молодец! Люблю старательных работников.

- Вот вам десять итогов.

Женщина, которая считает свои деньги — одинокая,

Женщина, которая считает не только

свои деньги — замужняя,

Женщина, которая не считает свои деньги — удачно замужняя,

Женщина, которая не считает чужие деньги — любовница,

Женщина, которая считает чужие деньги — бухгалтер.

Бухгалтер впервые читает четырехлетней дочери сказку про Золушку. Девочка очарована историей, особенно той ее частью, где тыква превращается в золотую карету. Внезапно она спрашивает: - Папа, а вот когда тыква превращается в золотую карету, это классифицируется как доход, или как увеличение стоимости имущества?

В фирме, в разгар рабочего дня раздаются дикие крики, врываются парни в камуфляже и в масках: - Всем лежать, это ограбление! Главный бухгалтер, опускаясь на пол: - Уфффф! Спасибо! Спасибо! Теперь-то всё сплещем!!!

26-қазан – Сәтбаев қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына сайлау күні

№ 6 сайлау округі бойынша Сәтбаев қалалық мәслихаты депутаттығына үміткер Алтай Сейдазымұлы Убайдилдиновтің САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

ҚҰРМЕТТІ СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Мен сүйікті қаламыздың қалалық мәслихат депутаттығына үміткер ретінде өз кандидатурамды ұсынып отырмын. Мен осы қалада еңбек жолымды қарапайым жұмысшы болып бастадым, қаламыздың мәселелерін жақсы білемін және оның дамуы мен көркеюі үшін бар күшімді салуға дайынмын.

Өзімнің сайлауалды бағдарламамда мен төмендегі маңызды бағыттарға назар аударғым келеді:

◆ Тұрғын үй-коммуналдық қызмет сапасын арттыру

Жылу, су, кәріз, жарық жүйелерінің үздіксіз әрі сапалы жұмыс істеуін бақылауға алу. Ескі инженерлік желілерді кезең-кезеңімен жаңарту жобаларын ілгерілету. Апаттық жағдайларға жедел әрекет ету механизмдерін күшейту.

◆ Қаланы абаттандыру және тазалық

Жолдарды жөндеуге, көшелерді жарықтандыруға, аулаларды көркейтуге, балалар мен спорт алаңдарын салуға қосымша қаражат бөлінуіне қол жеткізуге ниеттімін.

◆ Жас мамандар мен жұмысшыларды қолдау

Коммуналдық салада жұмыс істейтін техникалық мамандардың мәртебесін көтеру. Коммуналдық мамандықтардың жалақысын және еңбек жағдайын жақсарту үшін бастама көтеру. Жас кадрлар даярлау мен тәжірибе алмасу орталықтарын ашуға ықпал ету. Өз болашағын Сәтбаев қаласымен байланыстыратын жас мамандарды қолдау.

◆ Халықпен ашық диалог

Депутат — бұл ең алдымен халықтың үні. Халықпен тұрақты кездесулер өткізу, азаматтарды қабылдау және онлайн байланыс — менің жұмысымның міндетті бөлігі болады.

Мен жылу және су беру саласында көп жылдан бері жұмыс істеп келемін. Бұл саланың барлық түйткілін ішінен білемін. Қаламызда сапалы қызмет, әділ тариф, жылы үй мен таза су — әр тұрғынның заңды құқығы. Мен осы құқықтардың сақталуын қамтамасыз етуге күш саламын.

(Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді)



26 октября — День выборов депутатов Сатпаевского городского маслихата вместо выбывших

ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА кандидата в депутаты сатпаевского городского маслихата по избирательному округу №6 Алтая Сейдазымовича Убайдилдинова

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ САТПАЕВА!

Я выдвигаю свою кандидатуру в депутаты городского маслихата нашего любимого города. Я начал свой трудовой путь в этом городе простым рабочим, хорошо знаю проблемы нашего города и готов приложить все усилия для его развития и процветания.

В своей предвыборной программе я хочу обратить внимание на следующие важные направления:

◆ Повышение качества жилищно-коммунальных услуг

Контроль за бесперебойной и качественной работой систем отопления, водоснабжения, канализации и электроснабжения. Продвижение проектов поэтапной модернизации старых инженерных сетей. Усиление механизмов оперативного реагирования на аварийные ситуации.

◆ Благоустройство и чистота города

Я намерен добиваться выделения дополнительных средств на ремонт дорог, освещение улиц, благоустройство дворов, строительство детских и спортивных площадок.

◆ Поддержка молодых специалистов и рабочих

Повышение статуса технических специалистов коммунальной сферы. Инициирование повышения заработной платы и улучшения условий труда. Содействие открытию центров подготовки молодых кадров и обмена опытом. Поддержка молодых специалистов, связывающих свое будущее с городом Сатпаев.

◆ Открытый диалог с населением

Депутат — это, прежде всего, голос народа. Регулярные встречи с жителями, приём граждан и поддержание онлайн-связи станут неотъемлемой частью моей работы.

Я много лет работаю в сфере теплоснабжения и водоснабжения. Знаю все проблемы этой отрасли изнутри. Качественные услуги, справедливые тарифы, тёплый дом и чистая вода — это законное право каждого жителя нашего города. Я сделаю всё возможное для обеспечения соблюдения этих прав.

(Оплачено из средств республиканского бюджета)

«ҚАРА ШАҢЫРАҚТАҒЫ ЕҢБЕК КҮНІ»

1928 жылдың 19 — қазанында Қарсақбай мыс зауытында алғаш рет мыс балқымасы алынды. Бұл қазақ түстіметаллургиясының тарихында алтын әріптермен әдіптеліп қалған күн. Биыл мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады.

-Маған бұл Қарсақбай жылы дегендей әсер етті. —дейді М.Төркекелдин атындағы Жезді тау-кен және балқыту ісі музейінің директоры Зейпін Зікірқызы. Қарсақбайдағы Қаныш Сәтбаевтың музейі — үйінде «Қара шаңырақтағы еңбек күні» тақырыбы аясында еңбек ардагерлерімен көрме-кездесу ұйымдастырылды. көрмеге мыс өндірісі тарихында өшпес із қалдырған алғашқылар мен құрметті металлургтер, инженер-техниктер, даңқты өндіріс жетекшілерінің жеке комплекстерінен 200-ге жуық жәдігер шығарылды. М.Төркекелдин атындағы Жезді тау — кен және балқыту ісі музейінің бөлім басшысы Үрзия Қапарова көрмеге қойылған әрбір жәдігер туралы мәлімет беріп, тыңдаушыларын

тарихтың тереңіне бойлатты. Мысалы, алғашқы балқытушылардың бірі болған Мұзараф Жүсіпов бірнеше орден-медалдармен, соның ішінде, екі рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Бір қызығы, Еңбек Қызыл Ту орденінің алғашқы шыққан нұсқасы кейінірек жаңартылып қайтадан шығарылған екен. Мұзекең соның екеуін де кеудесіне таққан. Музейде өткен кездесуде Ұлытау ауданы мәслихатының хатшысы А.Құрмансейіт, Сәтбаев қаласының Ақсақалдар Кеңесінің төрағасы Ө.Ахметов, «Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы А.Дастанов, Қазақстанның Еңбек Ері, кенші Т.Макишев, Қарсақбай мыс заводының еңбек ардагерлері А.Маменов,

С.Нұрмағанбетов, аймаққа танымал өнер майталманы, жыршы М. Қожахметов, Қарсақбай зауыты Ардагерлері Кеңесінің төрағасы Қ.Алпысбаева, ҚР Ұлттық музейінің көрме-экспозиция бөлімінің жетекшісі А.Нұрмағанбетов сөз сөйледі. Қарсақбай - елжанды тұлғаларымен де танымал. Солардың бірі - өлкетанушы, қара шаңырақ Қарсақбайдың жанашыры Тоңболат Мұханұлы еді. Білімдар әрі жанжақты азамат Жезқазған даласында өсетін жабайы қызғалдақты жерсіндіріп, өз бақшасында өсірген табиғат жанашыры да болатын. Ол «Биыл күзде музейдің алдына қызғалдақтарымызды апарып өзім егіп беремін» дейді екен. Тағдырдың шешімі басқаша болды. Бірақ, Тоқанның ама-



натына адалдық танытқан замандастары мен іні-қарындастары, өзінің ұл-қыздары Жезқазғанның сирек байлығындай «Қызыл кітапқа» енген дала гүлдерінің тұқымын ардагердің бақшасынан арнайы қазып әкеліп, академик музейінің ауласына отырғызды. «Жаңбыр жауып мен қыдырған

қырқада, Қызғалдақтап көктей берер қыр гүлі» деп, Шынболат Ділдебаев жырлағандай, өмір жалғаса береді. Тарих еңбегі сіңген ерлерінің, тұлғалы азаматтарының рухын ешқашан тасада қалдырмайды, ұмытпайды.

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 1809

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс — 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.